

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімін
№2 «Айсұлу» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

Баяндама:

**Бала өміріндегі ойыншықтың рөлі және
ойынның маңызы.**

Тәрбиеші: Керімбаева А.Б.

**Тараз қаласы
2024 жж.**

Бала өміріндегі ойыншықтың рөлі және ойынның маңызы.

Ойыншықтың қатысуынсыз балалар әлемін дамыту мүмкін емес. Өйткені балалардың сезімін білдіруге, айналасын танып білуге, қарым-қатынас жасауға және өздерін тануға ойыншықтардың маңызы ерекше.

Ойыншық-балаларға ойнау үшін арналған зат. Ойыншықты қолдану арқылы баланың ой-өрісі дамиды. Жолдастарымен ойнау барысында балаларда достық қарым-қатынас қалыптасады.

Балалық шақ-бұл ойын уақыты. Барлық ойындар кішкене адамды дамытып, қоршаған ортаны тануға көмектеседі.

Балалық шақта ойын жәй ғана ойын-сауық емес. айналасындағы ортаны зерттеу барысындағы үлкен жұмыс болып табылады. Үлкен адамдар балалар ойынына құрметпен қарауға тиіс. Екі жастағы балалар кейбір ойыншықтарды қолданып, оларды қалай пайдалану керектігін біледі. Мысалы: мысықты тамақтандыру, қуыршақтарды киіндіру т.б. Жыл бойында ойындар қиындатылып жаңа мағыналармен толықтырылады. Бала белгілі бір рөлді ойнайды.

Ойын мен ойыншық бір-бірінен ажырамайды. Ойыншық ойынға деген қызығушылықты танытса, ал ойын жаңа ойыншықты қажет етеді. Ойынның негізгі ерекшелігі балалардың қоршаған өмірді, адамдардың қимылын, іс-әрекетін бейнелеу болып табылады. Ал ойыншық ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлардың бірі. Балалар ойынында тек дүкеннен сатып алынған ойыншықтар емес, тәрбиешілердің, ата-аналардың немесе балалардың өздері жасаған ойыншықтарды да пайдаланады. Ойыншықтар әр түрлі болуы мүмкін бірақ олардың барлығы белгілі бір педагогикалық көркемділікті талап етеді. Бала ойын әлемінде өмір сүреді. Балалар ойын кезінде өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Сондықтан үлкен адамдар балаларға дұрыс бағыт беріп отыруы керек.

Балалар қанағаттанып ойнау үшін ойыншықтарды дұрыс тандай білген жөн. Балаларға арналған ойыншықтар мынандай топтарға бөлінеді:

1. Сюжеттік ойыншықтар: (қуыршақтар, құстар, үй жануарлары, ойыншық көліктер, ыдыстар, жиһаздар т.б.) Балалар ойнау барысында бұл ойыншықтармен сөйлеседі, сырларын айтады, тілдері дамиды.

2. Тұрмыстық ойыншықтар: (көліктер, кемелер, ұшақтар, телефондар, теледидар, фотоаппараттар т.б.) Балалардың ойлауы мен шығармашылықтарын дамытады.

3. Спорттық ойыншықтар: (доп, кегли, моншақтар, арқан, таяқша т.б.) Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелейді.

4. Музыкалық ойыншықтар: (барабандар, қоңыраулар, сылдырмақтар т.б.) Балалардың әуенге, дыбысқа қызығушылықтарын оятады.

5. Сахналау ойыншықтарына ертегі кейіпкерлері жатады. Балалардың сөйлеу, ойлау, елестету, қиялдау қабілеттерін дамытады.

6. Дидактикалық ойыншықтар балалардың сенсорикалық ақыл-ойын дамытады. Оған пирамидалар, мозайкалар, үстел үсті ойындары лото, жұптасқан суреттер, құрастыру ойыншықтары жатады.

7. Ұлттық ойыншықтармен ойнау барысында балалар, өз ұлтын сыйлауға, тілін құрметтеуге үйренеді.

8. Өздері қолдан жасаған немесе ата-аналарының көмегімен жасалған ойыншықтар. Бала өзі ойыншықты жасау барысында ойланады, қиналады және нәтижесіне қуанады.

Кішкентай сәбилер үшін ең бірінші сезу мүшелерін дамыту керек: көру, есту, сипау. Сондықтан сәбилердің ойыншықтары жылы әрі жұмсақ болуы керек. Бояуы қанық, дыбыс шығаратын болғаны дұрыс. Ал үш жастағы балаларға құрастырмалы ойыншықтарды көбірек ұсынған жөн.

4-5 жастағы балалар үшін ойынды толықтыратын заттарды алу қажет (бас киімдер, халаттар т.б.).

6-7 жастағы балаларға сюжетті-рольдік ойындарды ұсынған дұрыс. Осы жастағы балалар ойыншықарды шынайы заттармен салыстырады, ұқсастықтарын табады. Ойыншық – әдейі балалар ойынына арналып жасалған зат. Ойыншықты пайдалану баланың ой-өрісін кеңейтуге онда бейнеленген заттармен өмір құбылыстарына деген ықылас тәрбиелеуге көмектеседі. Ойыншықтармен ойналатын бірлескен ойындарда балалардың өзара достық қарым-қатынастары қалыптасады.

Сондықтанда баланың ой-өрісі дамып жеке тұлға болып қалыптасуы үшін балаға ойнайтын ыңғайлы орын дайындау қажет. Өз бөлмесі, үстелі, орындығы болса өте жақсы. Баламен бірге ойын бұрышының таза, жинақы болғанын қадағалау керек. Ойыншықтарды сындырмай, жуып, шаңдарын сүртіп, қамқор болуға үйретіңіз. Әр уақытта балаға дұрыс бағыт беріп отырсақ бала өзін жақсы күйде сезінеді.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным-көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойында әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды: қазіргі және болашақ. Бір жағынан бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені ойын барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттері мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл-қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді. Алайда, функционалдық тенденция концепциясының негізін салған Д. Узнадзе: «Ойын артық әл-қуатты сыртқа шығындаудың тәсілі емес, дамудың негізгі бас формасы, қызмет бағытының емін-еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады және әрекеттер ретінде олардың өз бағыты бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар, міне осылар баланы мазмұнды жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді», — деген. Жетілгісі келіп тұрған күштердің қарбалас қимылына сәйкес келмейтін әрі оған ықпал етпейтін ойын мен ойыншық баланы тез жалықтырып жібереді. Көптеген функциялар 7-9 жасқа жеткенінше мейлінше жеделдете дамиды да, ойынға деген құштарлық осы кезеңде күшейе түседі, ал ойын дамуды басқаратын іс-әрекеттің түріне айналады. Осындай сәтте баланың өзіндік саналары, оның шындыққа, адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушысының қызмет бағыты күшейген кезде оның құлшынып ойнағысы келіп тұрады. Баланың ойын қызметін тоқтатып, оны интерфункционалдық күштердің қимылына қайшы келетін басқадай нәрсемен шұғылдануға мәжбүр еткізу – бала талантын жеделдете дамытып, жан-жақты ашылуына тосқауыл жасау деген сөз. Ойын баланың психикасына сапалы өзгерістер туғызады. Балалардың ересектермен бірлесіп өмір сүруге ұмтылысы бірлескен еңбек негізінде қанағаттандырылмайтыны белгілі. Бұл қажеттілігін балалар ойын арқылы өздеріне ересектер рөлін алып, еңбектік өмірді ғана емес, сол сияқты әлеуметтік қарым-қатынасты да нақтылап көрсетеді. Д. Элькониннің атап өткеніндей, мұнда балалар өзара сәйкес рөлдерді тасымалдаушылар (ересектерді өзара әлеуметтік қатынасын қайта жаңғыртады), әрі ойынға тікелей қатысушы болады. Баланың қоғамдағы осындай ерекше орны оның үлкендер өміріне араласуының айрықша түрі болып саналатын рөлдік ойынның пайда болуының негізіне айналады. Біраз уақыттан кейін рөлдік ойыннан ереже бойынша жүргізілетін ойынға ауысады. Біртіндеп ереже ойын әрекетінде бірінші орынға қойылып, алғашқы сюжеттік сипатқа ие болады, сосын ойында жеңіске жету бала үшін үлкен мәнге айналып, ойын еңбекке және оқу әрекетіне ұқсас бола бастайды.

Баланың барлық психологиялық ерекшеліктері осы ойын әсерінде қалыптасады. Ойын — бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын әсері арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Ойын жұп арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынастар жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытады да баланың қабілеті, белсенділігі артады.